

УДК 37

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Алкеева Р. Т.

Қазақ тілі мұғалімі.

Дружба орта мектебі,

Қостанай қаласы.

Аннотация

Мақалада қазақ тілі сабағында проблемалық оқыту технологиясын пайдалану жолдары қарастырылған. Проблемалық оқыту технологиясын оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасымен ұштастырып іске асыруға болады. Нәтижесінде оқушыларды толық сабаққа қатыстырып, олардың әрқайсысының деңгейін анықтай алады. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықтан бастап тақырыпқа болжам жасатып, мақсат қойып, сұрақ беріп жауап алуға, мазмұнды толық түсінуге жағдай туғызады. Проблемалық оқыту оқушының бұрыннан меңгерген біліміне сүйеніп, мәселені толық шешуі үшін аздаған өзіндік ойды, шығармашылық шешімді, дербес әрекетті қажет ететін проблемалық жағдайға алып келуі қажет.

Аннотация

В данной статье рассматривается применение проблемной технологии на уроках казахского языка. Проблемную технологию обучения можно связать с программой критического развития через чтение и письмо, в результате чего учащиеся полностью работают на уроке, где можно определить уровень каждого ученика. Программа критического мышления повышает интерес к изучению предмета, помогает ставить цель, ответить на поставленные вопросы, создает ситуацию для полного понимания материала. Проблемная технология опирается на заранее полученные знания учащихся и тем самым создает проблемную ситуацию.

Abstract

In this article application of problem technology is examined on the lessons of Kazakh. Problem technology of educating can be bound to the program of critical development through reading and letter, as a result students fully work on a lesson, where it is possible to define the level of every student. The program of the critical thinking promotes interest in the study of object, an aim helps to put, to answer the put questions, creates a situation for the complete understanding of material. Problem technology leans against beforehand gain knowledge of students and creates a problem the same.

Түйінді сөздер: проблемалық оқыту, проблемалық жағдаят, проблемалық сұрақ, мәселе, жоспарлау, бағалау, қазақ тілі сабағы.

Ключевые слова: проблемное обучение, проблемная ситуация, проблемный вопрос, проблема, планирование, оценивание, урок казахского языка.

Key words: problem educating, problem situation, problem question, problem, planning, evaluation, lesson of Kazakh.

Педагогикалық технология – бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл болардай қатқыл ғылыми жоба. Әрі сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы. Педагогикалық технология кешенді, бірігімді процесс. Ол өз құрамында адамдарды, идеяларды, құрал – жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалар шешімін басқаруды қамтиды.

Педагогикалық технологиялар көп түрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі – теориялық негізде орындалуы, екіншісі – тәжірибемен жүзеге келуі.

Әр сабақ сайын ізденуге үйренген бала кез келген проблеманы тез шешуге үйренеді. Қойылған проблеманың шешімін табу, шәкіртті проблемалық әдіспен оқытудың мақсаты оқушының сабақ бойы ой еңбегімен шұғылдануын қамтамасыз етеді. Оқушыны ізденуге, қорытынды жасауға, өзгеше тың пікір айта білуге үйретеді. Ой қайшылығын, пікір таласын тудырып, дұрыс ой қорытындысы жасалған жағдайда ғана проблема туды деп есептеуіміз қажет. Проблемалық оқыту оқушының бұрыннан меңгерген біліміне сүйеніп, мәселені толық шешуі үшін аздаған өзіндік ойды, шығармашылық шешімді, дербес әрекетті қажет ететін проблемалық жағдайға алып келуі қажет. Проблемалық мәселе, проблема тууға ыңғайлы тақырыпты таңдай білу, мұғалімнің ізденімпаздығын, тапқырлық шеберлігіне байланысты. Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың ой өрісін дамытумен бірге сөздік қорын байыту, тілін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Қызықты ойындар бұл сабақтарда белгілі бір орын алады. "Дыбыс таңдау" ойыны арқылы әр сөздің басқы дыбыстары бірдей дыбыстан басталатын сөз тіркестері мен сөйлем құрату. Мысалы, Талғат таңертең тұрып, тауға тартты. Бақыт бүгін бақшаға барды. "Қызық сөздік" ойынында оңынан да солынан да оқысақ бір сөз қазақ, қалақ, қабақ, ара, нан т.б. "Сөз құра", "Сен аяқта", «Өз орныңды тап», "Жоғалған буын" т.б. ойын түрлері қолданылады. Бұл ойындардың барлығының мақсаты бір, оқушының ой - өрісін дамыту, кеңейту, ойын дәлелдеу және қорытындылау. Оқушылардың қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден – кез – келген бала адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгеруге бағытталған оқу әрекеті арқылы дамиды, білім – білік дағдыны қабылдайды. Екіншіден – кез – келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы: ол баланың өз - өзінен қалыптасуына өз идеясын жүзеге асыруға бағытталған жаңа әдіс – тәсілдер іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды. Екі әрекетте оқушылар – екі түрлі мүдделер көзделген әр түрлі мақсатты шешеді. Мысалы: оқу әрекетінде белгілі дағдыны қалыптастыратын, белгілі бір ережені меңгертетін жаттығулар орындаса, шығармашылық әрекеттерде баланың іздену жұмысы басты нысаны болады. Оқу әрекеті баланың жалпы қабілетін дамытса, шығармашылық әрекет нақты жағдайды шешу барысында нәтижеге жеткізетін қабілеттерін дамытады. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін әр түрлі әдіс – тәсілдерді қолдануға болады. Олар мынандай:

- тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау
- арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру
- логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу / сөз-жұмбақ, құрастырмалы ойындар/.
- берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс / мәтін мазмұнын өңдеу, шығарма, шағын әңгіме мәтінін құру, т.б./.
- әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу.
- қиялдау арқылы сурет салғызу, рөлге оқыту.
- ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру.

Проблемалық оқыту технологиясын оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасымен ұштастырып іске асыруға болады. Нәтижесінде оқушыларды толық сабаққа қатыстырып, олардың әрқайсысының деңгейін анықтай алады. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықтан бастап тақырыпқа болжам жасатып, мақсат қойып, сұрақ беріп жауап алуға, мазмұнды толық түсінуге жағдай туғызады. Мысалы: бұл бағдарламаның сабақта қолдану барысында:

1. Еркін ойлауға мүмкіндік береді.
2. Ақыл ойын дамытады.
3. Шығармашылық белсенділігін арттырады.
4. Тіл байлығын жетілдіреді.

5. Жан – жақты ізденеді.
6. Өз ойын жеткізеді.
7. Ұжымдық іс - әрекетке тәрбиелейді.

Анық айтқанда, сабақта қолданылатын стратегиялар көмегімен жеке тұлға ретінде жан – жақты дамыған шығармашылық ойлауды меңгереді.

Сабақта берілетін оқу материалдарын оқушыларға жеткізу үшін әр түрлі оқыту әдістерін қолдануға болады. Мұғалім өзінің сөзін көрнекі бейнелермен байланыстырады. Оқушының ауызша баяндауы, сұрақтарды анық және түсінікті, проблемалық ситуация тудыратын етіп қоюы, баяндалатын материалдардың ең маңызды жерлерінен айырып беруі, хабарлардың жүйелі және дәлелді болуы қажет. Ұстаздың сөзі әсерлі, тартымды, сенімді, сонымен қатар дауыс болуы қажет. Мұғалімнің дауыс ырғағы мен мимикасы мәнерлі және бай болғаны жөн. Егер бала бір нәрсені дұрыс түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кінәламай оларға дұрыс түсіндіре алмағаны үшін өзін кінәлауы керек. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, сабырлықпен сөйлеп, әрбір затты ықыласпен қарапайым тілмен түсіндіруі қажет. Бүгінгі таңда оқушылардың пәнге қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастырудың проблемалық оқыту элементтерінің маңызы зор.

Проблемалық оқыту технологиясы – бұл да бір педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдардың жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті. Әр сабақ сайын ізденуге үйренген бала кез келген проблеманы тез шешуге үйренеді. Қойылған проблеманың шешімін табу, шәкіртті проблемалық, әдіспен оқытудың мақсаты - оқушының сабақ бойы ой еңбегімен шұғылдануын қамтамасыз ету. Оқушыны ізденуге, қорытынды жасауға, өзгеше тың пікір айта білуге үйретеді. Ой қайшылығын, пікір таласын тудырып, дұрыс ой қорытындысы жасалған жағдайда ғана проблема туды деп есептеуіміз қажет. Проблемалық оқыту оқушының бұрыннан меңгерген біліміне сүйеніп, мәселені толық шешуі үшін аздаған өзіндік ойды, шығармашылық шешімді, дербес әрекетті қажет ететін проблемалық жағдайға алып келуі қажет. Проблемалық мәселе, проблема тууға ыңғайлы тақырыпты таңдай білу, мұғалімнің ізденімпаздығына, тапқырлық шеберлігіне байланысты.

Проблемалық оқыту технологиясын қолдануды қазақ тілі сабақтарында көрсетуге болады. Оқушылардың ой өрісін дамытумен бірге сөздік қорын байыту, тілін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Проблемалық технологиялардың негізіне мыналар жатады:

- әрбір оқушының жеке және дара ерекшеліктерін ескеру;
- оқушылардың қабілеттері мен шығармашылықтарын арттыру;
- оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру.

Жаңа технологияны меңгерту – мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Проблемалық оқыту технологиясының негізгі мақсаты – оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту. Проблемалық оқыту технологиясының ерекшеліктері мынадай:

- оқушының белсенділігін арттыру;
- оқу материалында баланы қызықтыратындай құпиясы бар мәселе туғызу;
- оқушы материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатын да меңгереді.

Мұғалім беделін көтеретін факторлардың ішінде ең негізгілердің бірі – сабақ процесі. Сабақтың типологиясын білу, оған өзіндік талдау жасау бірінші қажеттілік. Бүгінгі заман талабына сай мұғалім алдына қойылып отырған негізгі мәселе, ол оқушылардың білімдік, танымдық қабілеттерін дамыту.

Проблемалық оқыту технологиясын тәрбие процесінде мынадай жағдайлардан көруге болады: пәнаралық байланыстар теориялық білімді іс жүзінде қолдануға, ғылымның түрлі салалары жөнінде кең ұғымы бар адамды тәрбиелеуге мүмкіндік береді; қазіргі кезде оқушыларға білім беру және олардың танымдық қызметін өркендетуге жағдай жасайды.

Проблемалық оқыту арқылы кіріктіріп оқыту бастауыш мектепте білім беруді іске асыру, ұтымды пайдалануға мүмкіндігі бар амал – тәсілдерді жүзеге асырудың шарттарын айқындауды талап етеді.

Проблемалық оқытудың маңызы:

- оқу пәндері арасында өзара байланыстың дамуына жағдай туғызады;
- ғылыми дүниетанудың қалыптасуы білім мазмұнының барлық құрамды бөліктерінің байланысын талап етеді;
- пәнаралық байланыс жан – жақты тәрбие беру жүйесінің барлық салаларын жүзеге асыруға ықпал жасайды;
- пәнаралық байланыс педагогикалық әрекеттің ғылыми негізінде тиімді ұйымдастырылуына көмектеседі.

Проблемалық оқыту негізінде білімдер жүйеге келтіріледі, олардың біліктілігі қамтамасыз етіледі. Бірқатар оқу пәндерінде ортақ негізгі қағидалар, ұғымдар, деректер, ғылыми таным әдістері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етеді. Бұл байланысты жүзеге асыру барысында оқу материалдарының қайталанбауы, тиімді орналасуы, мұғалімдердің бірлесе жұмыс істеуі сияқты бірқатар педагогикалық ұйымдастыру мәселелері шешіледі.

Проблемалық оқыту білім, білік және дағдының тұтас жүйесінің дұрыс қалыптасуына ықпал етеді. Оқушылардың әртүрлі пәндерден алған білімдерін орынды қолдана білулеріне көмектеседі. Оқушының ой – өрісін дамытады.

Оқу үрдісінің проблемалық оқыту нәтижесіндегі игерілетін икемділік пен дағдылар оқушының алған білімінің қаншалықты берік екендігінің белгісі болып табылады. Оқу пәндерінің ерекшеліктеріне қарай оқушыларда түрлі икемділік пен дағды пайда болады. Оларды бірнеше топқа бөлуге болады.

1. Интеллектуалдық пен дағды
2. Еңбекке икемділік пен дағды
3. Спорттық икемділік пен дағды
4. Өнерге деген икемділік пен дағды

Проблемалық оқытуда кіріктіріліп оқылатын пәндерге мысал келтіретін болсақ:

Ішінара дүниетану – ана тілі, дүниетану – музыка, дүниетану – қазақ тілі, дүниетану – математика, дүниетану – еңбекке баулу, дүниетану – бейнелеу, дүниетану – денешынықтыру, дүниетану – сыныптан тыс оқу т.б. пәндердің тақырыптарын кіріктіру арқылы өткізілген сабақ өте ұғымды болады.

Міне, осылай кіріктіріліп құрылған пәндер бір – бірімен тығыз байланысып, баланың сана – сезіміне нақты жаңа түсінік береді. Яғни, өзара әрекеттескен алаң, түсінік пайда болады.

Сонымен проблемалық оқытуды пайдаланып кіріктіріп оқыту арқылы берілген оқу бағдарламасына қосымша материалдарды да кеңінен қолдануға болады. Сонда мына «А» белгісі яғни пирамида төбесі – қосымша алынған білім, ал пәндер – пирамида негізі болып табылады.

Бұлай кіріктіру пән бойынша материалдарды қысқартпай, керісінше оны тұтас топтап, шоғырландыру есебінен оқу мазмұнының көлемін көбейтуге, кеңейтуге мүмкіндік береді. Қосымша балалар әдебиетінен мағлұмат, орфографиялық құндылыққа және оқу шеберлігін қалыптастыруға түрлі жаттығулар, кәсіптік бағдар беру, эстетика, этикадан түрлі материалдар енгізуге болады.

Міне, мұндай кіріктіріп оқытуды ұйымдастыру білім мазмұнының біртұтастығын қамтамасыз етіп қана қоймай, оқушы зердесіне қоршаған дүниені танып білудің әдіс – тәсілдерін де қалыптастырады. Оқушылардың жалпы дамуына жағдай жасайды. Бастауыш сынып

оқушыларының білімдерін кіріктіру білім жүйесін қалыптастыруға, балалардың дамуына тиімді әсер ете алады. Сонымен бірге бұл әдістің сапалы үйлесімділігін орташа және төменгі қабілетті оқушыларға оқу материалының мазмұнын түсінуге қолайлы жағдай жасайды.

Сонымен қатар проблемалық оқытудың ерекшеліктері:

- баланың сабаққа қызығушылығын арттырады;
- танымдық міндетін атқарады;
- шығармашылық жұмысқа дағдыландырады.

Қай жастағы бала болмасын, табиғатынан көкейі сұраққа толы. Олардың сұрақтары олардың білім алуда ең күшті жетекшісі болып табылады. Шындығында, білім алудың негізі шын ниетіңмен жауап тапқын келетін сұрақтар қою болып табылады. Өмірде ең мағыналы білім – алу адамдар түсініп білгісі келетін нәрсе туралы сұрағанда дүние келеді. Ізденуші сыныпта мұғалім сабақты жоспарлағанда «сұрақ сабағы циклін» қолданады. Ол мағыналы сұрақтарға негізделген мағыналы білім беруге көмектеседі. Орта сыныпта білім алушылар өздерінің жеке сұрақтарын қояды, мақсатталған өзара әрекеттерге қатысады, содан соң өздерінің тапқандарын талқылап, олармен бөліседі.

Сабақты жоспарлауда проблемалық сұрақ қолданылады.

Сұрақты сабаққа енгізу – бірнеше қадамды процесс. Бұл мұғалімнің дәнекерлік рөлін қолдайтын процесс болып табылады. Дәнекердің рөлі білім мен баланың қабілетінің, сонымен қатар тапсырманың қажеттігі немесе оқытылып отырған әрекеттің арасындағы көпір тәріздес. Баланың шын мәніндегі жетілу деңгейі баланың проблеманы өз күшімен шешуі арқылы анықталса, потенциалды жетілу деңгейі баланың проблеманы үлкендердің немесе өзінен қабілеттірек құрбыларының көмегімен шешуі арқылы танылады.

«Бұл» – жетілу процесінде қызметтерін анықтайды.

«Бұл» – ойлау қабілетінің әрі қарай жетілуін сипаттайды деген. Баланың жуық өсіп – жетілу ауқымында болатын білім алудағы дәнекерлік балалардың не ойлайтынын, қандай стратегияларды қолданатынын және олардың бір ой туралы түсініктерінің қалыптасуын үздіксіз ой елегінен өткізіп тұру – бұл қажетті көлемде және қажетті деңгейде қолдау көрсету үшін керек. Сонымен қатар ол – шешім қабылдауға бел байлаған мұғалім бейнесі болып табылады. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекетке жетелейтін, және осы өзара әрекеттің қорытындысы басқарып отыратын белсенді рөлі. Шешім қабылдайтын мұғалімнің бұл үлгісінің мақсаты – өз еркімен бағытталған білім алу. Өз еркімен бағытталған білім алуы мұғалім көмегімен болған дәнекерлікті өз бойына қабылдайды. Өзінің қабілетіне, білім алудағы өзінің мақсаттарына жету үшін қолдана алатын стратегияларға көзі ашылады. Ол өзінің іс – әрекеттерін бағыттайды.

«Сұрақ сабағы» циклінің бірінші қадамы – зерттеу және бақылау. Оқушының деңгейін, қажеттілігін және қызығушылығын анықтау үшін зерттеу мен бақылаудан бастаған маңызды; бағдарлама тақырыптарын, оқылатын іс – әрекеттің мүмкіндігін; қажеттілікке жауап беретін материалдарды зерттеу маңызды.

Екінші қадам – Сұрақ қою. Бұл – кейінірек зерттеу үшін жеке дара сұрақтар қойылатын фаза. Бұл сұрақтар әрқашан төмендегідей проблемаларға байланысты: оқушыларға қандай түсініктерді зерттеп білу қажет; бағдарламада берілген қандай тақырыптарды қамтысам екен; балалардың қызығушылығын қаншалықты, және осының бәрі бір – бірімен сәйкес келеді.

Үшінші қадам – Жоспарлау болады. Оқушы өзінің сұрағындағы жауапқа қалай жақындай алады? Саған тағы нені білу қажет? Қалай және қайдан сен бұл хабарды ала аласың? Әрі қарай оны қалай жалғастыру керек? Осы жерде білімге және оқу стратегияларына негізделген білім беруде ерекше мақсатты жоспарлайды. Ол мақсаттар барлық балаларға бір бүтіндей және әр балаға жеке арналған. Сабақты ұйымдастыруды жоспарлап, қандай материалдар қажеттігін шешеді. Білім алуда проблемалық сұрақтарды қолданған кезде балаларға көмек болатын стратегиялар мен мұғалімнің іс – әрекетін жоспарлайды.

Төртінші қадам – Іздену және Жинау. Бұл ақпарат пен деректер көптеген көздерден жиналған жоспардың енгізілуі; ақпараттар мен деректер кітаптардан немесе өмірден алынуы

мүмкін. Кітаптар, өнер туралы материалдар, математикалық есептер, суреттер, карталар, балалардың қолдануына қажетті заттар жинай бастайды. Оқулықтармен, басқа мұғалімдермен, өзінің жеке деректерімен ақылдасады.

Бесіншісі – Ұйымдастыру және Бір жүйеге келтіру. Ақпаратты тек жинастыру жеткілікті емес. Ол да ұйымдастыруды, таразылауды және бір жүйеге келтіруді қажет етеді. Бұл циклдің жаңа білімдер қалыптасатын, жаңа белестер қабылданатын бөлігі. Қарама – қайшы немесе екі ұшты материалдардың болуы да ғажап емес. Білім алуда мақсаттарына жетелейтін балалардың мүмкіндіктерін өзара қарым – қатынастағы топқа жетелеу үшін, өзі жинаған материалдарын ұйымдастырып, балалармен бірге жүйеге келтіреді. Ол тапсырмаларды барынша ашық қылып ұйымдастырады. Ашық тапсырма деген оқушылардың өздері құрған ең соңғы қорытындысы мен тапсырманы орындауда қолданылатын оқыту стратегияларын өздері таңдап алуы. Ашық тапсырмалар мақсаттарын анықтауына көмектеседі. Олар стратегияларды қолданылуға, бұл тапсырманы орындаудың жолдарын жоспарлауда, бұл жоспардың орындалуында, түсінігін жетелеуде біраз жеңілдіктер әкеледі. Ашық тапсырмалар балаларды өздерінің негізгі даму деңгейінен шығып кетуіне құштарландырады. Олар балалардың өздерінің қабілеті туралы хабармен қамтамасыз етеді. Олар балаларға басқалармен бірігіп жұмыс істеуге, басқалардың стратегияларын бақылауға, басқалармен не істеп жатқандары туралы сөйлесуге мүмкіндік береді. Бұл тапсырмалар балаларды білім алуды жоғарғы ойлау процестерімен теңестіруге және бұл тапсырмалар сабақтан тыс өмірде қалай қолданылатынын талқылауға итермелейді.

Алтыншы, бөлісу және толғану. Бұл саты бір – бірімен білгендерімен бөлісу үшін, толғанып, өзінің қаншалықты өскенін бағалау үшін қажет қорытындылау бөлігі болуы тиіс. Бұл соңғы қадам балалардың білім алу барысында сабақ үстінде және сабақтан соң басы бүтін кірісіп кеткен сәттен бастап өсе бастағандай сезіледі. Әр сабақтан соң сол сабаққа кері әсер береді; ол келесі күнгі жоспарларын қайта қарауға, келесі сабақтары туралы қайта шешім қабылдау үшін керек, осы жерде жаңа цикл басталады.

Проблемалық ситуация туғызу – сабақтың ең күрделі де маңызды бөлшегі болып табылатындақтан, бұл сәттің өтілуіне үлкен мән бере қарау керек. Өйткені, басты тетік осы проблемалық жағдай туғызуда жатыр. Жаңа тақырыптың сәтті меңгертілуі осы түйінделген проблемалық ситуацияның қалай және қандай мазмұнда жасалғандығына тікелей байланысты.


Оқушылардың білетін біліміне сүйене отырып, жетекші сұрақтар мен тапсырмалар арқылы біртіндеп тереңдей берген проблемалық ситуация туғызу сәтін мұғалім тұтас бір көрініс ретінде оқушыларға сезіндіруі керек. Оқушылардың осы сәтті сезінуі мұғалімге олардың таңғалысымен, кез болған проблеманы шеше алмаған қиналысымен танылады. Мұндай ерекше сәтті туғызуда мұғалім сол пәннің ішкі заңдылықтарын ашып ала білуі керек және мұғалім сол сәтті өзінің эмоционалдығын қоса жұмсауы керек.

Туындаған проблемалық ситуация оқушыларды осыны туғызған себептерін ізденуге күшті түрткі болады. Ал мұғалімнің сезімге толы сөзі мен түсіндіру барысы оқушылардың танымдық, ізденімпаздық қабілеттерін оятып, іске қосуға күшті фактор ретінде қызмет атқарады. Осындай үдерістің оқу мүмкіндіктері анықталып, күн тәртібіне қойылады.

Сондай – ақ проблемалық әдісті қазақ тілі сабағында да тиімді пайдалануға болады. Мысалы, Дыбыстар мен әріптерді өткенде танымдық тапсырмалар, проблемалық жағдаят шешуге әкелетін әдіс – тәсілдерді пайдалану арқылы оқушылардың тілін, сөздік қорын, ой өрісін дамыту, өз бетінше шығармашылықпен жұмыс істеуге бейімдейді. Мұғалім сабақты жарыс түрінде өткізіп оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын арттырады. Дыбыс пен әріптің айырмашылығын ажыратуды пысықтау, дыбыс пен әріп туралы білімін жетілдіреді. Жаңа сабақты түсіндірудің алдында үй тапсырмасын тексереді. Сабақтың бұл кезеңінде мұғалім проблемалық сұрақтар арқылы оқушылардың білімін тексереді. Сөйлеудің неше түрі бар? Сөйлеу не үшін керек? Сөйлеудің қай түрі бірінші пайда болған?

Оқушыларды топқа бөліп, әр топқа проблемалық жағдаятты шешуге негізделген тапсырмалар береді:

Пәндерді оқытуда проблемалық оқыту технологиясын қолдануды қазақ тілі сабақтарында көрсеттік. Осы сабақтарда оқушылардың ой өрісін дамытумен бірге сөздік қорын байыту, тілін дамытуға ерекше көңіл бөлінді.



Проблемалық оқыту әдісі оқушыларды өздігінен еңбек етуге, алған білімін жаңа материалмен ұштастыра білуге үйретеді. Ойлана білуге жетелемеген білім бойға дарымайды. Дұрыс тандалған әдіс – тәсілдер баланың алдына мақсат қойып, нәтижеге жетуіне жетелейді. Әр сабақ сайын ізденуге үйренген бала кез келген проблеманы тез шешуге үйренеді. Қойылған проблеманың шешуін баланың өзі табуы, ізденуі білімнің санаға сіңіп, ұғым - түсінікке ұйықты болады. Оқығанды көңілге ықыласпен тоқудың арнасы ашылады. Танымдық және шығармашылық қабілеттері дамиды. Ал қабілет ұғымның мәнін терең түсініп алуға жетелейді.

Әдебиет тізімі

Әбілқасымова А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. Алматы, 2004. 217б.

Әлкен С. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу. //№1. 2006. 44-48б.

Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. М., 1995.

Бітібаева К. Педагогикалық технология талаптары. // Қазақ тілі мен әдебиеті. №3, 2002.17-20 бб.

Махмутов М.Ш. Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру. Алматы. «Мектеп» 1981. 310б